

«Сейфуллин оқулары – 12: Ғылым жолындағы жастар-болашақтың инновациялық әлеуеті» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-12: Молодежь в науке - инновационный потенциал будущего" . – 2016. – Т.1, ч.2 – Б.282-285

ЕСЕП САЯСАТЫ – АГРАРЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЖАҚСARTУ КІЛТІ

Жусупов Е.А, Шаукерова З.М.

Агроөнеркәсіп кешені – мемлекеттің азық – түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және республикамыздың тұрғындарының басшылығына тұрмыс жағдайына тікелей әсері бар экономикамыздың аса маңызды салаларының бірі.

Агроөнеркәсіпті жүргізуде экономикалық тетіктерінің тиімділігін жетілдіру қажеттілігі бүгінгі кезеңдегі даусыз, өте керекті қозғаушы күштердің бірі болып отыр. Өндірістің негізгі саласының бірі азық-түлік мәселесін шешетін, агроөнеркәсіптік өнімдерін өндіретін өндірістің өсімі әліде болса төмен жағдайда. Қалыптасқан жағдайды талдай отырып, экономиканың ауылшаруашылығындағы шешілмей жатқан мәселелерді қарастырып, агроөнеркәсіптік өндірісін ынталандыратын іс-шараларды жүзеге асыру қазіргі кезеңдегі маңызды мәселелердің бірі.

Қазақстан халқының 47%-ы ауылдық жерлерде өмір сүреді. Еліміздің экономикалық белсенді тұрғындарының үштен бірі аграрлық салада еңбек етеді. Мемлекетіміздің ішкі жалпы өнімнің 5,3%-ы аграрлық сектордың үлесіне тиесілі. Ауыл шаруашылық жерінің жалпы көлемі 222,3 миллион гектар, оның ішінде егістік жер 36 миллион гектар, жайылымдық жер 182 миллионнан астам гектар және шабындық жер 5 миллионға жуық гектар құрайды. Әрбір жан басына шаққанда шамамен 2,2 гектар жерден келеді. Бұл дүние жүзіндегі ауыл шаруашылығы жағынан дамыған көптеген елдердегіде әлдеқайда көп. Соңғы жиырма жылдың ішінде жыл сайын орташа есеппен 24 миллион тоннадан астам ет, 3,5 миллион тоннадан астам сүт және 100 мың тоннаға жуық жүн өндірілді. Ендеше АӨК-ті дамыту еліміздегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға, мемлекеттік азық – түлік қауіпсіздігіне, экономикамыздың барлық саласының жағдайына шешуші дәрежеде ықпал етеді [1].

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ауыл шаруашылығы министрлігі бірқатар кешенді шараларды іс жүзіне асырды. Біріншіден, еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің заңнамалық базасын одан әрі жетілдіру шеңберінде нақты шаралар жасалды. Өндіріс кешендерін қарқынды дамыту мүмкіндіктеріне кең жол ашу үшін, біршама базалық заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Екіншіден, Елбасының ауыл шаруашылығы саласын жан-жақты дамыту жөніндегі тапсырмаларына байланысты Үкімет қабылданған экономикамызды және қаржы саласын тұрақтандыру жөніндегі үш жақты бірлескен іс-қимыл жоспарына сәйкес агроөнеркәсіп кешенін дамытудың инвестициялық бағыттары айқындалды.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасында белгіленген кешенді шараларды іс жүзіне асыру аграрлық саланы әртараптандыру үрдісін қортындылап, агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа саптық деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді. Оның бүгінгі жаппай жаһандану дәуіріндегі бәсекелестікке қабілетін шыңдап, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ішкі азық-түлік нарықтағы тұрақтылықты нығайтып, еліміздің экспорттық әлеуетін арттырады.

Аграрлық мәселелер қазіргі экономикада маңызды орын алады. Ғылыми талдауды аграрлық қатынастардың, аграрлық саясаттың мәніне деген теориялық көзқарастардың тұтас бір жүйесін қалыптастыруға және осыдан туындайтын ауыл шаруашылығын дамыту жолдарының нақты мәселелерін шешу, әр түрлі тұжырымдамаларды салыстырмайынша мүмкін емес. Салыстырмалы талдау олардан оң аспектілерді бөліп алып, қажеттіліктерін айқын анықтауға мүмкіндік береді.

Аграрлық қайта құруларды жүргізу, стратегия мен тактиканы негіздеуден кейін, оларды тиімді жүзеге асырудың қағидаттары мен механизмдерін жасауға мүмкіндік беретін аграрлық қатынастардың теориялық негіздерін терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Аграрлық секторда жүргізіліп жатқан қайта құрулар нарыққа бағытталған сектор жасауға, оның жаңа тиімді жағдайға бейімделуіне бағытталған, яғни өтпелі кезеңнің үрдістерімен негізделген.

Біздің пікірімізше, аграрлық экономиканы жақсарту үшін қолайлы есеп саясатын қолдануға тура келеді. Себебі қазіргі заманда барлық алып агроөнеркәсіптік компаниялар өз тауарларын шетелге үлкен көлеммен сатады. Сонымен қатар аграрлық тауарларды тасымалдағанда немесе түгендеу барысында көптеген есептеуде қателер кездеседі. Ал егер есеп саясатында барлық тиімсіз жағдайларды шешу жолдарын көрсететін болсақ, бүкіл үрдістер оңтайландырылады.

Есеп саясаты деп ұйымдарда іс-тәжірибеде қолданылатын бухгалтерлік есеп объектілерін жіктеп, жүргізуге арналған ережелер жүйесін айтады [2].

Ұйымдар мен кәсіпорындарда жасалынып қалыптасатын есеп саясаты бухгалтерлік есеп жөніндегі принциптерден, ереже – нұсқаулардан, әдістер мен әртүрлі ішкі операциялардан құралады. Мұның барлығы қаржылық есеп жүйесін жүйелеп тапсыру мақсатындағы көрсеткіштерді айқын дәлелдеу мақсатында жүзеге асырылады. Қаржылық жағдай мен мұндағы болып жатқан өзгерістерді, шаруашылық қызметінің жағдайын дәлелді түрде іске асырып, алдын-ала қойылған талаптарға жауап беру үшін ұйымдар басшылары бухгалтерлік есеп жөніндегі көпсатылы қағидалар мен әдістер ішінен ең қажеттіліктерін таңдап, бұларды қолдану жөніндегі тұжырымдама (концепция) дайындауға міндетті.

Есеп саясатының түпкі мақсаты – нарық жағдайында ұтымды жолдарды анықтау, өндірісті ары қарай модернизациялау, жаңа және сапалы өнімдер өндіруге ықпал ету, қаржылық құлдырау жағдайын болдырмау, материалдық активтер мен басқа да құндылықтарды дұрыс бағалау мен есептен шығару,

резервтік қорлар көздерін көбейту, өндіріс тиімділігін ұтымды басқару болып табылады. Ұйымдардың түпкі мақсаты - таза пайдамен қызмет атқаруды қамтамасыз ету. Сондықтан, қандайда болмасын, аграрлық өнеркәсіп таза пайдамен қызмет атқарып, жұмыс істеуіне ең әуелі ұйымдардың өзі, үлес қосушы акционерлер мен қаржы салушы инвесторлар, дайын өнімдерді сатып алушылар, кредиторлар мүдделі болып табылады.

Есеп жүйесін ұйымдастыру ұйымдар мен кәсіпорындарда әр түрлі жағдайда қалыптасады, бұл үшін технологиялық бағыт пен техникалық жағдайларды толық меңгеру арқылы көп нұсқаулы есеп саясатының ішінен ең қажетті және тиімді жолдарды қолдану қажеттілігі туындайды. Есеп саясатының ықтималды және бір бағытты типтік нұсқаулары болмайды. Есеп саясаты негізінен қаржы есебі негізінде жасалынады. Алайда қаржы есебі басқарушылық және салық есебімен тікелей байланыста болғандықтан, есептің бұл түрлері арасында гармониялық үйлесімділіктің сақталуын есте сақтаған жөн. Бухгалтерлік есептің жоғарыда айтылған әрбір түрлерінің өз ерекшеліктері мен жүргізу әдістері болатындықтан, қорытынды қаржылық есеп қолданбалы қызмет бағытынан ауытқымауы тиіс.

Есеп саясаты екі жағдайда – «жоғарыдан» және «төменнен» реттеледі. «Жоғарыдан» реттеу кезеңінде есеп қызметін жүргізу жөніндегі заңдар мен нормативтік актілер, сондай-ақ бекітілген Халықаралық және ұлттық қаржылық есеп стандарттары, салық заңдылығы және т.б. ресми құжаттар басшылыққа алынады.

Екінші жағдайда «төменнен» реттеу кезеңінде ұйымдардағы технологиялық ерекшеліктер, салалық құрылым, табыс келтіру жолдары т.б. ішкі ерекшеліктер басшылыққа алынады.

Есеп саясатын қалыптастыру үшін есеп жүргізу әдістерінің ішінен, осы кәсіпорынға тән қажетті әдістер мен ережелерді таңдап алып, есеп саясатының маңызын анықтауға болатындығын тағы да айта кеткен жөн [3].

Есеп саясатын ресмилендіру үшін осы ұйымдар мен кәсіпорындарда қолданылған ішкі әдістемелер мен ережелерді ұсыну кезінде жалпы бухгалтерлік есеп объектілерін жүргізу жөніндегі қойылған талаптардан, принциптер мен қаржы есебінің элементтерін тану бағытынан ауытқымау керектігін түсіну қажет.

Егер жан-жақты және сапалы дайындалған немесе қабылданған шешімдер ұйымдардың таза пайдамен қызмет атқаруын қамтамасыз етпеген жағдайда, есеп саясатын жасаудың қажеттігі болмайды. Сондықтан есеп саясаты ұйымдар қызметінің тиімділігіне, ақша қаражатының өсуіне және іске асырылмай келген резерв көздерін ашуға тікелей әсер етеді. Мысалға, ұзақ мерзімді жалға беру объектісі таза пайда мен ақша қаражаттарының көбеюіне тікелей әсер ететін басты бағыттың бірі деп түсінген жөн. Яғни қаржылық тұрғыдан қарағанда, ұзақ мерзімге жасалған келісім-шарт бірден таза пайда әкелмегенімен, бірақ біртіндеп таза пайданың белгілі бір бөлігін қамтитындығын білген жөн. Есеп саясатын жасауға тікелей басшылық жасаушы басшылар мен атқарушы бухгалтерлер осы ұйымның таза пайдамен

қызмет атқаруын қамтамасыз ететін есеп әдістерін зерттеп, қолдану жолдарының ең тиімді бағытын таңдауы қажет.

Бір типтік және барлық кәсіпорындар қызметіне тән есеп саясатын жасау мүмкін емес, мұның өзі өте қиын және болмайтын әрекет. Есеп саясатын танып білу, мұның маңызын сапалы жасау, өз бетінше тиімді шешім қабылдау, қаржылық қорытынды есеп жасап дәйекті бағытпен қойылған бағдарды іске асырудың маңызы зор. Есеп саясатын қалыптастыру мен іс-тәжірибеге енгізу үшін бухгалтерлік есеп принциптерін, мұның қолданбалы әдіснамаларын, салық жүйесін, қаржылық менеджментті (басқаруды) т.б. көптеген мәселелерді жоғары және терең түрде білуі қажет. Нарықтық қатынастардың қыры мен сырын, ұтымды бағытын, сауда өрісін терең түрде біле білу бағытында, бас бухгалтердің атқаратын рөлі өте зор [4].

Есеп саясатын жасаушылар мен қатысушы мамандар осы ұйымда қолданылатын бастапқы құжаттардың маңызы мен өрісі, бухгалтерлік есеп шоттарының типтік жоспарын, активтерді бағалау, міндеттемелерді бағалап, қайтару, негізгі құралдардың тозу нормалары мен сомаларын белгілеу, аяқталмаған өндірісті бағалау, құжат айналысы ережесін белгілеу, ақпараттар жүйесін өңдеу технологиясын, аудиторлық тексеру мен қорытындылау әдіснамаларының маңызы мен мақсатын іс-тәжірибеде жақсы қолдана білу тиісті біліктілікті қажет етеді. Есеп саясатын қалыптастыру үшін:

- 1) құрылған ұйымдар мен кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері, меншік иелерінің, қатысушылар мен инвесторлардың және басқа да ұйымдардың активтері мен міндеттемелері тізімі жеке көрсетіледі. Ресми тіркелген ұйымның шаруашылық қызметі ешкімге де тәуелді емес және дербес жүргізілетіндігін түсінген жөн;
- 2) ұйым өз қызметін қысқартпайды және болашақта ары қарай тұрақты бағытта жалғастыра береді (үздіксіздік принципі);
- 3) жасалынған есеп саясаты келесі жылдарда да сабақтастық негізінде қолданыла береді (сабақтастық принципі);
- 4) ақшаның түсуі немесе түспеуіне қарамастан, шаруашылық қызметінің фактілері орын алған осы есепті кезеіге жатқызылып есептелінеді (есеп принципі).

Экономикамыздағы интеграциялық үдерістердің шапшаң өсуі азық – түлік нарығындағы жоғары бәсекелестік ахуалын туғызады. Бұл – уақыт талабы. Одан қалыс қалу мүмкін емес. Бүгінгі жаһандану дәуірінің бұлжымас қағидасы бойынша дамушы экономиканың ешқайсысы да интеграциялану үдерісінен сырт қалмауы тиіс. Ендеше, мемлекетіміздің аграрлық саясатына шұғыл түрде инновациялық бастамаларды ынталандыру, жаппай озық технологияларды өндіріске енгізу мақсатындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Жоғарыда аталған барлық әдістерді қолдану аграрлық экономиканы жақсартуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ушачев И.Г. Проблемы устойчивого развития АПК. // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий, 2015, № 11. с.25
- 2 8-ші Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (IAS 8) Есеп Саясаты, Бухгалтерлік Есеп Бағалауларында Болатын Өзгерістер мен Қателер.[Электронный ресурс]
http://online.zakon.kz/document/?doc_id=31244642
- 3 «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» Заңы 28.02.2007 № 234-III (24.11.2015 өзгерістер мен толықтырулар) [Электронный ресурс] <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234>
- 4 Nobes C.W, Stadler C. The qualitative characteristics of financial information, and managers' accounting decisions: evidence from IFRS policy changes.//Accounting and business research, tom 45, edition 5, page 572-601, special issue: SI, DOI: 10. 1080/00014788.2015.1044495, published : july29, 2015.